## 1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1994 жылғы 14 шілде N 137-XIII

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1-бап. 1994 жылға арналған республикалық бюджет: қосымшаға сәйкес кірістері бойынша 72318039 мың теңге, шығыстары бойынша 92975645 мың теңге, тапшылықтың шекті мөлшері 20657606 мың теңге болып бекітілсін.

2-бап. Былай болып белгіленсін:

а/ 1994 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістері:

- қосылған құнға салынатын салық;
- акциздер;
- меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, соның ішінде шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық;
- жер салығы;
- тіркелген /ренталық/ төлемдер;
- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;
- үкіметаралық келісімдер бойынша берілетін мемлекеттік кредит үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден түсетін қаражат;
- мемлекеттік мүлікті сатудан алынатын түсімдер;
- басқа да жалпыреспубликалық салықтар, алымдар және салық салынбайтын әртүрлі төлемдер;
- 1994 жылғы астықты мемлекеттік мұқтаждарға сатудан алынатын түсімдер;
- сыртқы экономикалық қызметтен түсетін кірістер;
- қымбат металдармен жасалатын операциялардан алынатын түсімдер есебінен құралады.

б/ Сыртқы экономикалық қызметтен алынатын кірістерді қалыптастыру:

- экспорт және импорт бажы;
- роялти және бонус түсімдері;
- импорт бойынша мемлекет сатып алған ең қажетті тауарларды ішкі рынокта сатудан алынатын түсімдер есебінен жүзеге асырылады.

в/ Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар, бірлестіктер мен шаруашылық жүргізуші басқа да субъектілер республикалық бюджетке кеден тарифіне сәйкес ұлттық валютамен экспорт және импорт бажын төлейді.

г/ Шетелдік инвесторлардан түсетін бонустар, әртүрлі сыйлық төлемдері, сондай-ақ

роялти Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық есепшоттарына есептеліп, кейіннен оны Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне сату жолымен міндетті түрде ұлттық валютаға айналдырады. Аталған валюталық есепшоттарға Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары төлейтін салықтардың басқа түрлері бойынша төлем мөлшері заңда белгіленген тәртіппен анықталады.

3-бап. Республикалық бюджет кірістерінің құрамында мына қорларға түсімдер мен аударылымдар ескерілсін:

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры;
- Экономиканы қайта құру қоры;
- Жол қоры;
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры;
- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры;
- Табиғат қорғау қоры.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған қорлардың қызметтерін жүзеге асыруға байланысты шараларды оларға қаражат түсуіне қарай, бірақ тиісті қорға түсетін нақты сома мөлшеріне байланысты, шығыстың төмендегі шекті мөлшерінен аспайтындай етіп қаржыландыруды жүзеге асырсын;

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры - 80 процент;
- Экономиканы қайта құру қоры - 65 процент;
- Жол қоры - 60 процент;
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры - 70 процент;
- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры - 80 процент;
- Табиғат қорғау қоры - 80 процент.

Республикалық бюджет кірістері құрамында көзделген қорларға берілетін жарналардың дұрыс аударылуы мен төленуін бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясына жүктеледі.

4-бап. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап, меншік нысандарына қарамастан, барлық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер үшін еңбекке ақы төлеу қорының 30 проценті мөлшерінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударылым тарифі белгіленсін. Мүгедектер мен зейнеткерлердің қоғамдық ұйымдары, олардың кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары мен оқу орындары, шаруа /фермер/ қожалықтары, адвокаттар алқасы, жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдар үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға 5 процент мөлшерінде аударылым тарифі белгіленсін.

Әлеуметтік сақтандыруға арналған аударылымның жалпы сомасы Зейнетақы қоры мен Әлеуметтік сақтандыру қоры арасында нормативтер бойынша 1994 жылғы 1

қаңтардан бастап 90 және 10 процент, ал 1994 жылғы 1 тамыздан бастап тиісінше 85 және 15 процент болып бөлінеді.<*>

Азаматтардың Зейнетақы қорына жалақының 1 проценті мөлшерінде аударылатын міндетті сақтандыру жарналары жойылсын.

ЕСКЕРТУ. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201 -XIII Заңымен.

5-бап. Былай болып белгіленсін:

а/ Меншік нысандарына қарамастан шаруашылық есептегі барлық кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар /залал шегіп жұмыс істейтіндерден, сондай-ақ шетелдік капиталды қатыстыратын, жарғылық қорындағы үлесі 30 проценттен асатын, Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған келісімдер мен контрактілерге сәйкес пайдалы қазбаларды игеру мен өндіруге қатысатын кәсіпорындардан басқасы/ Экономиканы қайта құру қорына өнімнің /жұмыстың, қызметтің/ өзіндік құнының 5 проценті мөлшерінде міндетті аударылым жасап, осы соманы өзіндік құн құрамына енгізеді. Экономиканы қайта құру қорының қаражаты қайтарымсыз негізде де, мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін инфляцияны ескере отырып индекстеу арқылы процент алатын қайтару шартымен кредит ресурстары ретінде де инвестицияларды қаржыландыру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілейтін шығыстар үшін қолданылады.

"Қазақстан Республикасының экономикасын қайта құру қоры туралы" 1993 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы. 1993 ж., N 9, 208-құжат/ мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-баптың бірінші бөлігі "мемлекеттік қор" деген сөздердің алдынан "республикалық бюджет құрамындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2-бап "кәсіпорындар мен ұйымдар" деген сөздерден кейін "/залалдарын қоспағанда, жарғылық қордағы үлесі 30 процентке жетпейтін шетел капиталын тартатын және Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған келісімдер мен контрактілерге сәйкес пайдалы қазбаларды игеру мен өндіруге қатысатын кәсіпорындар/" деген сөздермен толықтырылсын;

4-бап "арнаулы" деген сөзден кейін "бюджеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

6-баптың 5-бөлігінің екінші абзацынан "және нақты адамдарынан" деген сөздер алынып тасталсын;

6-баптың 7-бөлігі алынып тасталсын;

8-баптың екінші бөлігінің алтыншы абзацы алынып тасталсын;

"Инвестицияларды қаржыландырудың қайтарым жүйесі туралы" 1993 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 210-құжат/ мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-баптың бірінші бөлігі "арнаулы" деген сөзден кейін "бюджеттік"деген сөзбен

толықтырылсын, "тек қана" деген сөз "негізінен" деген сөзбен ауыстырылсын;

б/ Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар, меншік нысандарына қарамастан, пайдаға салынатын салықты төлегеннен кейін өз қарамағында қалатын пайданың 1 процент мөлшерінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қорына міндетті аударылым жасайды;

в/ Өнеркәсіптің өндірушісі салаларының кәсіпорындары, бірлестіктері мен ұйымдары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен ставкалар негізінде Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қорына сатылған минералдық шикізат құнының проценті есебімен аударылым жасайды;

г/ Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры шаруашылық жүргізуші субъектілер - жұмыс берушілердің еңбекақы қорының 2 проценті мөлшеріндегі міндетті аударылым есебінен құралады. Мемлекеттік бюджеттегі мекемелер мен ұйымдар, ұжымшарлар, кеңшарлар және, меншік нысандарына қарамастан, ауыл шаруашылығы өнімдерін тікелей өндіретін басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары, сондай-ақ мылқаулар, зағиптар мен мүгедектер қоғамдарының кәсіпорындары Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорына жарна төлеуден босатылсын.

Қоныс аудару шаралары жөніндегі шығындарды қаржыландыру Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры қаржысының есебінен жүзеге асырылады.

Жұмыс орындарын құру және бар жұмыс орындарын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығының 3-тармағына сәйкес Жұмыспен қамту қоры қаражатының 15 проценті тұрғын үй саласын қаржыландыруға жұмсалады.

6-бап. Кіріс көздері бойынша 1994 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін кірістер мынадай мөлшерде белгіленсін:

/мың теңге/

| | |
|---|---|
| - қосылған құнға салынатын салық | 6 296 008 |
| - акциздер | 725 193 |
| - меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, бұған қоса шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың пайдасына салынатын салық | 4 331 094 |
| - Ұлттық банктен | 7 318 000 |
| - Ұлттық банкінің тоқсандық тапшылыққа беретін кредиті | 2 934 000 |
| - бюджет шығыстарын өтеуден | 857 868 |

- ренталық /тіркелген/ төлемдер 1 600

- кәсіпорындарға тиесілі бағалы қағаздардан және бірлескен кәсіпорындарға үлес қосып қатысудан алынған табысқа салынатын салық 28 046

- жер салығы 3 400

- алымдар мен салық салынбайтын әртүрлі табыстар 10 245 800

- мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден алынатын түсім 8 167 151

- бағалы қағаздармен жасалатын операциялардан алынатын түсім 18 000

- үкіметаралық келісімдер бойынша берілген мемлекеттік кредит үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден түсетін қаражат 154 871

- сыртқы экономикалық қызметтен түсетін кірістер 17 697 555

- экономиканы қайта құру қоры 5 290 000

- экономиканы қайта құру қорынан қайтарымды негізде бөлінген қаражат түсімі 2 000

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры 868 124

- Жол қоры 3 273 965

- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры 813 011

- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры 268 402

- Табиғат қорғау қоры 23 951

7-бап. Республикалық бюджет кірістерінде Ұлттық банктен 7 318 000 мың теңге мөлшеріндегі, соның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі депозиттері бойынша 2 000 000 мың теңге мөлшеріндегі түсімдер, 1994 жылғы 5 048 000 мың теңге және 1993 жылғы 270 000 мың теңге пайданың бір бөлігі ескерілсін.

Ұлттық банк 1994 жылғы пайданың бір бөлігін ай сайын тең үлестермен республикалық бюджет кірісіне аударады. Есеп беріліп отырған тоқсаннан кейінгі /IV тоқсан үшін - 1994 жылғы 20 желтоқсанда/ бірінші айдың 20-сынан кешіктірілмей оның іс жүзінде алынуы ескеріліп қайта есептеліп отырады.

Ұлттық банкінің республикалық бюджет кірістеріне есептелуге тиіс таза пайдасын

айқындау үшін алынатын шығыстарды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қаржы министрлігінің бірлесіп ұсынуымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі бекітеді деп белгіленсін.

8-бап. Республикалық бюджеттің кірістерінде үкіметаралық келісімдер бойынша берілген мемлекеттік кредит үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден 154 871 мың теңге мөлшерінде қаражат түсімі көзделсін.

9-бап. 1994 жылға жалпымемлекеттік салықтар мен кірістерден түсетін қаражаттан облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының бюджеттеріне түсетін аударылымдар мынадай мөлшерде белгіленсін:

а/ қосылған құнға салынатын салық:

Алматы, Атырау, Жамбыл, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына және Ленинск қаласына - 100 проценттен, Шығыс Қазақстан облысына - 80, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарына - 70 проценттен, Маңғыстау облысына - 50, Ақмола облысына - 40, Қарағанды облысына - 30, Алматы қаласына - 20, Павлодар облысына - 10 процент;

б/ меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың, соның ішінде шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық;

Алматы, Атырау, Жамбыл, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына және Ленинск қаласына - 100 проценттен, Ақтөбе облысына - 82, Шығыс Қазақстан облысына - 76, Қостанай облысына - 62, Солтүстік Қазақстан облысына - 59, Маңғыстау облысына - 44, Алматы қаласына - 33, Қарағанды облысына - 27, Ақмола облысына - 25, Павлодар облысына - 2,4 процент;

в/ акциздер:

Алматы, Атырау, Жамбыл, Жезқазған, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан, Семей, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Маңғыстау облыстарына және Ленинск қаласына - 100 проценттен, Алматы қаласына - 20 процент, Павлодар облысына - 10 процент;

г/ тіркелген /ренталық/ төлемдер:

Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Павлодар облыстарына - 100 проценттен, Ақтөбе облысына - 50 процент.

10-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы, мемлекеттік баж, су ақысы және табиғи ресурстарға салынатын салық, орман табысы, жалпыға бірдей міндетті жергілікті салықтар мен алымдар, ставкаларын мәслихаттар белгілейтін жергілікті салықтар мен алымдар, алымдар мен салық салынбайтын әртүрлі төлемдер жергілікті

бюджеттердің кірістеріне толығымен есептелсін, бұған республикалық бюджетке есептелетін табыстардың жекелеген түрлері қосылмайды.

11-бап. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалар арасында орналастырылатын Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі заемының қазынашылық бондарын өткізу тоқтатылсын.

12-бап. Кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға тиесілі акциялардан, облигациялардан және басқа бағалы қағаздардан, бірлескен кәсіпорындарға үлес қосып қатысудан алынған, соның ішінде шетелдік қатысушылардан алынған табыстарға салынатын салық төлемдерін салық төлеушілер 50 проценттен республикалық және тиісті жергілікті бюджеттердің кірісіне төлейді деп белгіленсін.

13-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салық салу туралы" 1994 жылғы 12 ақпанда қабылданған N 1568 және "Жеке адамдардың табысына салық салу туралы" 1994 жылғы 12 ақпанда қабылданған N 1570 Жарлықтарынан басқа. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі "Жеке адамдардың табысына салық салу туралы" және "Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салық салу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын қабылдағанға дейін, азаматтардың табыстарына және кәсіпорындардың пайдасына /табысына/ салынатын салыққа қатысты бөлігіндегі салық жеңілдіктерін беретін барлық заң құжаттарының күші тоқтатыла тұрсын.

Жеке тұлғалардың салық салынатын жиынтық табысына табыс салығының ең жоғары ставкасы 40 еселенген ең төменгі жылдық жалақыдан асатын табыс сомасының 40 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Ұлы Отан соғысына қатысқандар және оларға теңестірілген адамдар, I және II-топтағы мүгедектер жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын төлеуден толық босатылады, III-топтағы мүгедектер 50 процентке босатылады деп белгіленсін.

Салық салу үшін салық салынатын жылдық жиынтық табыс мына мөлшерге:

- мына санаттағы азаматтар үшін 60 еселенген ең төменгі айлық жалақы мөлшеріне:

Кеңес Одағының Батырларына және Социалистік Еңбек Ерлеріне, "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталған адамдарға;

"Қоршаудағы Ленинград тұрғыны", "Ленинградты қорғағаны үшін" медальдармен наградталған азаматтардан басқа, Ұлы Отан соғысы кезеңінде қалаларда болып, оларды қорғауға қатысқаны тұрақты армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдік жағдайлармен зейнетақы тағайындау үшін еңбек еткен жылдарына есептелетін адамдарға;

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңінде тылдағы мінсіз әрі жанқиярлық еңбегі үшін ордендермен және медальдармен наградталған адамдарға;

"Ардақты ана" атағына ие болған және "Алтын алқамен" наградталған көп балалы

аналарға кемітіледі деп;

- мына санаттағы азаматтар үшін:

- 48 еселенген ең төменгі айлық жалақы мөлшеріне:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және басқа да әскери құрамалардың мерзімнен тыс қызметтегі офицер құрамына, прапорщиктері мен әскери қызметшілеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамына - ақшалай үлес сомалары бойынша;

әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің ата-аналары мен жұбайларына, сондай-ақ қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан мемлекеттік қызметшілердің ата-аналары мен жұбайларына. Жұбайлардың жеңілдік алу құқығы қайтадан некеге отырған кезге дейін сақталады;

қарауында бірге тұрып жатқан және үнемі күтімді қажет ететін, бала кезінен мүгедек болған адамы бар ата-аналардың біріне, жұбайына, қорғаншысына немесе қамқоршысына. Егер отбасында үнемі күтімді қажет ететін, бала кезінен мүгедек болған екі және одан да көп адам бірге тұрса, жұбайлардың екеуіне де жеңілдік беріледі;

белгіленген тәртіппен экологиялық апат аймағы деп жарияланған жерлерде тұратын азаматтарға кемітіледі деп белгіленсін.

Пайдаға салынатын салықты төлеуден мыналар босатылсын:

- Қазақстан Республикасының Мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ мылқаулар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және олардың қаражаттары есебінен құрылған өндірістік, оқу-өндірістік кәсіпорындар мен филиалдары, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы /кәсіпорындарсыз/;

- есепті кезеңде алынған пайданың кем дегенде 30 процентін мүгедектері әлеуметтік қорғауға накты пайдаланған жағдайда қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 50 проценті мүгедектер болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар.

"Кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салық салу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы N 1568 Жарлығы қабылданғанға дейін құрылған шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындар үшін:

- "Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 10-тармағының "а" тармақшасымен;

- "Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы" Қазақ КСР Заңының 20-бабының "а" тармақшасымен белгіленген пайдаға салық салу тәртібі сақталсын.

14-бап. 1994 жылғы 1 тамыздан бастап есеп айырысу шотында қаржысы бола тұра бюджет кірісіне салық және басқа да міндетті төлемдерді /бюджетте тұратын мекемелерден басқаларында/ қасақана төлемеген жағдайда мерзімі өткен әрбір күнге төленбеген соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсім өндіріліп алынатын болсын. Бұл

тәртіп Зейнетақы қорына және Әлеуметтік сақтандыру қорына жарна төленген жағдайда бюджеттегі мекемелерге қолданылмайды.

15-бап. Кәсіпорындар мен ұйымдар сатып алған және жеке тұлғаларға сатылатын спирт, шарап материалдары жөнінде акциз төлеушілер осы кәсіпорындар мен ұйымдар болып табылады деп белгіленсін.

- Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар, шаруашылық жүргізуші субъектілер, бұған қоса жоғарыда аталған өнімдерді шығаруға шетел қатысқан кәсіпорындар, сондай-ақ филиалдар мен бөлімшелер Қазақстан Республикасында өндірілетін ішетін этил спирті және тағамдық шикізаттан тазартылып алынған этил спирті, шарап материалдары, күшейтілген сусындар /шырындар/, бальзам, арақ-шарап ішімдіктері, берілген шикізаттан жасалған сыра бойынша акциз төлеушілер болып табылады.

16-бап. Жөнелтушінің тауарлы-материалдық құнды заттарды сатып алғаны үшін төлеген қосылған құнға салынатын салық мөлшері сатып алушылардан сатылған тауарлар /жұмыстар, қызметтер/ үшін алынған салық мөлшерінен асқан жағдайда туындаған айырма бюджеттің алдағы төлемдерінің есебіне есептеледі немесе есепті қаржы жылында төленген салық мөлшері шегінде бюджеттен өтеледі.

17-бап. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының "Азаматтардың өзіндік меншігінде ет қоректі терісі бағалы аңдарды ұстауға тыйым салу туралы" 1982 жылғы 31 тамыздағы Жарлығының /Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1982 ж., N 36, 361-құжат/ күші жойылды деп танылсын.

18-бап. Республикалық бюджеттен халық шаруашылығын қаржыландыруға 8 899 551 мың теңге мөлшерінде қаржы бекітілсін.

19-бап. Республикалық бюджетте нан және нан-тоқаш тағамдары, тары, ұнтақ жарма, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрама жем бағасының айырмасын өтеу жөнінде 4 930 000 мың теңге, соның ішінде 1993 жылдың берешегін өтеу үшін 80 000 мың теңге мөлшерінде қаржы көзделсін.

20-бап. 1994 жылғы 15 қазаннан бастап нанның, нан-тоқаш өнімдерінің, тарының, ұнтақ жарманың, піскен нан орнына сатылатын ұнның және құрамажемнің бағасы босатылсын.< * >

Мемлекеттік ресурстардан бөлінген астықты өндірілетін нан және нан-тоқаш тағамдарының, тарының, ұнтақ жарманың, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрама жемнің, сондай-ақ тағам қоспаларын қоса балалар тағамдарының негізгі түрлерінің бағасын реттеуді жоюға байланысты өтем тетігі енгізілсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 20-бапқа өзгерістер мен толықтыру енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201-XIII Заңымен.

21-бап. Республикалық бюджетте 1994 жылғы астық өнімінің фьючерлік мәмілесіне 8 000 000 мың теңге мөлшерінде қаржы көзделсін.

22-бап. Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыруға 7 144 923 мың теңге

мөлшерінде қаржы бекітіліп, одан мынадай сома бағытталсын:

/мың теңге/

| | |
|---|---|
| а/ білім беруге және кадрларды кәсіптік даярлауға | 2 891 217 |
| б/ мәдениет пен өнерге | 466 237 |
| в/ бұқаралық ақпарат құралдарына | 893 153 |
| г/ денсаулық сақтауға | 2 401 456 |
| д/ әлеуметтік қамсыздандыруға | 255 835 |
| е/ жастар саясатына, туризмге, дене тәрбиесі мен спортқа | 237 025 |

23-бап. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттар стипендиясының мөлшері ғылыми атағы жоқ кіші ғылыми қызметкер жалақысының ставкасы деңгейінде, жоғары оқу орындарының студенттеріне - ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің 80 проценті, ал арнаулы орта оқу орындары мен оқу мерзімі 10 айға дейінгі кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына - 70 проценті белгіленсін.

1994 жылғы 1 қыркүйектен бастап өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттар стипендиясының мөлшері ғылыми атағы жоқ кіші ғылыми қызметкер жалақысының ставкасы деңгейінде, жоғары оқу орындарының студенттеріне - ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің үш еселенген шамасының 100 проценті, ал арнаулы орта оқу орындары мен оқу мерзімі 10 айға дейінгі кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына - 80 проценті белгіленсін.

Жоғары оқу орындарының студенттері мен арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына мемлекеттік стипендиялар олардың оқу үлгерімдері, отбасылық және материалдық жағдайлары ескеріле отырып тағайындалсын.

24-бап. 1993/1994 оқу жылына жалпы білім беретін мектептердің 1-4 класс оқушыларына бір оқушының тамақтануына жұмсалатын шығындардың ішінара өтемақысы бір күнге ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің 5 проценті есебінен белгіленсін.

25-бап. 1994/1995 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептерде мектеп оқулықтарын табысы аз және көп балалы отбасыларындағы оқушыларға ғана тегін беру белгіленсін.

26-бап. 1994 жылы республиканың күндіз оқытатын жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басқа жерден келген студенттері мен оқушылары, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушылары үшін каникул кезінде мемлекеттік темір жол көлігінде /жылына 2 рет барып-келуге/ жеңілдікпен жүру тиісті оқу орындарының қаражаты есебінен 50 процент мөлшерінде сақталсын.

27-бап. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Заңына /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-

құжат/ мынадай өзгеріс енгізілсін:

28-баптың бірінші бөлігінің 8-абзацынан "және жұмысшы поселкелерінің" деген сөздер алынып тасталсын.

28-бап. Қосымшалар мен үстемелерді, сыйлықтар мен басқа да көтермелеу төлем ақыларын есептемегенде, 1994 жылғы 1 ақпаннан бастап жалақының ең төменгі мөлшері айына 40 теңге, 1 сәуірден - 100 теңге, 1 шілдеден - 150 теңге және 1 қазаннан - 200 теңге болып белгіленсін.

Жасына байланысты ең төменгі зейнетақы мөлшері ең төменгі жалақы мөлшері деңгейінде белгіленсін.

29-бап. Тамақ өнімдерінің қымбаттауына байланысты 1994 жылғы 1 ақпаннан бастап табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлерге заңды түрде белгіленген айлық ең төменгі еңбекақы мөлшерінің проценттік көлемінде ай сайын:

- жасына, мүгедектігіне байланысты, еңбек еткен жылдары үшін толық еңбек зейнетақысын алушыларға, сондай-ақ мүгедектігіне байланысты зейнетақы алатын мерзімді қызмет атқарған әскери қызметшілерге - 60 процент есебінде;

- толық емес еңбек стажымен еңбек зейнетақысын, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы алушыларға - 40 процент есебінде;

- әлеуметтік зейнетақы алушыларға - 20 процент есебінде ақшалай өтем төлеу көзделсін.

1994 жылғы 1 шілдеден бастап нан, піскен нан мен нан-тоқаш тағамдарының орнына берілетін ұн бағасының өсуін ескеріп, табысы аз жұмыс істемейтін зейнеткерлерге заңмен белгіленген ең төменгі айлық еңбек ақы мөлшерінің проценттік көлемінде ай сайын:

- жасына, мүгедектігіне байланысты, еңбек еткен жылдары үшін толық еңбек зейнетақысын алушыларға, сондай-ақ мүгедектігіне байланысты зейнетақы алатын мерзімді қызмет атқарған әскери қызметшілерге - 85 процент есебінде;

- толық емес еңбек стажымен еңбек зейнетақысымен алушыларға, сондай-ақ асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алушыларға - 65 процент есебінде ;

- әлеуметтік зейнетақы алушыларға - 45 процент есебінде ақшалай өтем төлеу көзделсін.

Аталған төлемдер соның алдындағы тоқсанға орташа аймен есептегенде заңмен белгіленген ең төменгі жалақының екі еселенген шамасынан аспайтын зейнетақы алатын зейнеткерлерге төленсін.

Нан, нан-тоқаш өнімдері, тары, ұнтақ жарма, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрамажем бағаларының босатылуына байланысты 1994 жылғы 1 қазаннан бастап табысы аз, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге заңмен белгіленген ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің мына проценттері көлемінде ай сайын:<*>

- жасына, мүгедектігіне байланысты, еңбек еткен жылдары үшін толық еңбек

зейнетақысын алушыларға, сондай-ақ мүгедектігіне байланысты зейнетақы алатын мерзімді қызмет атқарған әскери қызметшілерге - 115 процент есебінде;<*>

- толық емес еңбек стажымен еңбек зейнетақысы, сондай-ақ асыраушысының айрылуына байланысты зейнетақы алушыларға - 95 процент есебінде;<*>

- әлеуметтік зейнетақы алушыларға - 75 процент есебінде ақшалай өтем төлеу көзделсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 29-бап жаңа абзацтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201-XIII Заңымен.

30-бап. Қазақстан Республикасында әлеуметтік жеңілдіктер берудің қолданылып жүрген жүйесінің тиімсіздігін ескере отырып, 1994 жылғы 1 сәуірден бастап бұдан бұрын қолданылып келген атаулы әлеуметтік жеңілдіктер беру тетігінің орнына жаңа тетік енгізілсін, онда ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің есебінен сәуле ауруына шалдығу нәтижесінде қайтыс болған және Чернобыль АЭС-ы апатының салдарынан қайтыс болған мүгедектердің отбасыларына - 2,0; наградаларына және бала санына қарай көп балалы аналарға - 1,3-тен 2,0-ге дейін; Чернобыль АЭС-ы апатының салдарынан зардап шеккен азаматтардың қалған санаттарына - 1,0 есе ай сайынғы ақшалай өтем төлеу көзделсін.

Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Заңының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-құжат/ 12 және 25-баптарының отбасында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалар үшін ата-аналарға /олардың орнындағы адамдарға/ өтем төлеуге, баланы отбасында және мемлекеттік емес білім беру мекемелерінде оқытқаны үшін ата-аналарға өтем төлеуге қатысты бөлігінің күші 1997 жылғы 1 сәуірге дейін тоқтатыла тұрсын.

Қолданылып келген жеңілдіктер мен өтемдерді сақтай отырып, Чернобыль апатынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жөнінде Қазақстан Республикасы құжаттар қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы аумағында "Чернобыль апаты салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі" 1991 жылғы 12 мамырдағы КСРО Заңының күші жойылды деп танылсын.

31-бап. "Азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақ КСР Заңына сәйкес зейнетақыларды төлеу Зейнетақы қоры есебінен жүргізіледі деп белгіленсін. Бала туғанда ең төменгі айлық жалақының төрт еселенген шамасы мөлшерінде берілетін бір жолғы жәрдемақы және жерлеуге ең төменгі айлық жалақының он еселенген мөлшерінде берілетін бір жолғы жәрдемақы Әлеуметтік сақтандыру қоры қаражаты есебінен төленеді деп белгіленсін.

32-бап. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап баласы бар отбасыларға берілетін ай сайынғы жәрдемақы ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің мынадай проценттері көлемінде белгіленсін:

- мына жастағы балаларға берілетін бірыңғай жәрдемақылар: 6 жасқа дейін - 75 процент, 6 жастан 18 жасқа дейін - 80 процент;

- мына жастағы балалары үшін жалғызілікті аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар: 6 жасқа дейін - 50 процент, 6 жастан 18 жасқа дейін - 60 процент;

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақылар - 80 процент;

- адамның қорғаныш тапшылығы вирусы жұқтырылған немесе ЖҚТБ-мен (СПИД) ауырған балаларға берілетін жәрдемақылар - 80 процент;

"Қазақ КСР-інде мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақ КСР Заңының 23-бабына сәйкес /Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 345-құжат/ үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалардың ата-аналарының бірі не оның орнындағы адам бірінші тоқсанда 150 теңге, кейінгі тоқсандарда 450 теңге мөлшерінде материалдық жағынан қамтамасыз етіледі;

- алимент төлеуден жалтарып жүрген ата-аналарын іздестіру кезеңінде кәмелетке толмаған балаларға берілетін жәрдемақы жалғызілікті аналардың балаларына мемлекеттік жәрдемақы төлеуге көзделген тәртіп пен мөлшерде жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленеді.

Нан, піскен нан мен нан-тоқаш тағамдарының орнына берілетін ұн бағасының өсуін ескеріп, 1994 жылғы 1 шілдеден бастап, баласы бар отбасыларға ең төменгі айлық жалақы мөлшерінен мынадай проценттерінде ай сайын жәрдемақы беру көзделсін:

- мына жастағы балаларға берілетін бірыңғай жәрдемақылар:

6 жасқа дейін - 100 процент, 6 жастан 18 жасқа дейін - 105 процент;

- мына жастағы балалар үшін жалғызілікті аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар:

6 жасқа дейін - 75 процент, 6 жастан 18 жасқа дейін - 85 процент;

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына жәрдемақылар - 105 процент;

- адамның қорғаныш тапшылығы вирусы жұқтырылған немесе ЖҚТБ-мен ауырған балаларға берілетін жәрдемақы - 105 процент.

Нан, нан-тоқаш өнімдері, тары, ұнтақ жарма, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрамажем бағаларының босатылуына байланысты 1994 жылғы 1 қазаннан бастап балалары бар отбасыларына берілетін ай сайынғы жәрдем ақы ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің мынадай процентері көлемінде көзделсін:<*>

- балаларға берілетін бірыңғай жәрдемақылар: 6 жасқа дейін - 130 процент, 6 жастан 18 жасқа дейін - 135 процент;<*>

- жалғызілікті аналарға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар: 6 жасқа дейінгі балаларға - 105 процент, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға - 115 процент;<*>

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақылар - 135 процент;<*>

- адамның қорғаныш тапшылығы вирусы жұқтырылған немесе ЖҚТБ-мен ауырған балаларға берілетін жәрдемақылар - 135 процент.<*>

Бұл ретте "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қарашадағы N 960 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 ақпандағы N 91 қаулысымен енгізілген өзгерістер ескеріліп, "Негізгі тағам түрлерінің қымбаттауына байланысты табысы аз азаматтарға өтемақы төлеу және балаларға жәрдемақы төлеу үшін қолданылатын, отбасы мүшесінің жиынтық табысын есептеу жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 қарашадағы N 960 қаулысымен белгіленген, балаларға бірыңғай жәрдемақы төлеу тәртібі сақталады.

Аталған төлемдер тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен төленсін.

ЕСКЕРТУ. 32-бап жаңа абзацтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201-XIII Заңымен.

33-бап. Республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға 1 165 987 мың теңге, оның ішінде Ұлттық ғылым академиясына - 221 300 мың теңге, Қазақ ауыл шаруашылық академиясына - 180 600 мың теңге мөлшерінде қаржы белгіленсін.

34-бап. Республикалық бюджетте мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын, сот органдары мен прокуратураны ұстауға 3 844 791 мың теңге қаржы белгіленсін, оның ішінде:

| | /мың теңге/ |
|---|---|
| а/ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесін ұстауға | 98 527 |
| б/ Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратын ұстауға | 98 007 |
| в/ Республикалық атқарушы-өкімші органдарды ұстауға | 2 913 778 |
| г/ Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотын ұстауға | 60 127 |
| д/ Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын ұстауға | 10 423 |
| е/ Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық соттарын ұстауға | 66 109 |
| ж/ Қазақстан Республикасының халық соттарын ұстауға | 223 163 |
| з/ Қазақстан Республикасының төрелік соттарын ұстауға | 56 685 |
| и/ Қазақстан Республикасының прокуратурасын ұстауға | 317 972 |

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде республикалық атқарушы-өкімші органдар бойынша шығыстың бағдарлы бөлінуін бекітетін болсын.

35-бап. Республикалық бюджетте мынадай қаржы бекітілсін:

- құқық қорғау органдарын ұстауға - 4 879 593 мың теңге;
- қорғанысқа - 7214214 мың теңге;<*>
- басқа шығындарға - 516 033 мың теңге;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің және жергілікті өкілді органдарының сайлауын өткізуге - 71 597 мың теңге.

ЕСКЕРТУ. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201-XIII Заңымен.

36-бап. Республикалық бюджетте:

- Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемы бойынша ұтыстарды төлеу және ол бойынша ұтыс тираждарын өткізу жөнінде 40 000 мың теңге;

- Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар арасында орналастырылатын 1992 жылғы Мемлекеттік заемын өтеу және ол бойынша проценттер төлеу жөнінде және кәсіпорындарға, бірлестіктер мен ұйымдарға ол бойынша кірістер төлеуге 3 646 мың теңге мөлшерінде шығыстар белгіленсін.

37-бап. 1990 жылғы КСРО Мемлекеттік нысаналы процентсіз заемының облигацияларын сатып алу үшін Үкіметтің Қазақстан Республикасы Халық банкі алдындағы 1993 жылғы берешегін өтеуге 9 796 мың теңге мөлшерінде қаражат көзделсін.

38-бап. КСР Одағы тарағанға дейін КСРО Мемлекеттік банкіне берілген 1991 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Халық банкі ресурстарын және жалпы мөлшері 42 536 мың теңге 40 проценттік өтемақы қаражатын өтеуге жұмсалатын шығындар бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Халық банкінің ақша қаражатын өткізуден алған табыстарының 50 проценті /банк шығыстарын шегеріп тастағанда/ салымдар бойынша проценттер төлеуге жұмсалады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Халық банкі мекемелеріндегі халықтың салымдары бойынша құнсызданудан болған шығындарын бір жолғы өтеу 1992 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша олардың қалдықтарын салымның алғашқы 1000 сомын 50 еселенген мөлшерде көбейту арқылы жүргізілетіні ескеріліп, бұл мақсатқа 850 000 мың теңге мөлшерінде шығыс бекітілсін.

39-бап. Үкіметтің мына бағыттардағы сыртқы экономикалық қызметіне байланысты :

- сыртқы борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстар;
- халықаралық ұйымдарға жарналар;
- ішкі рынокта өткізу үшін импорт бойынша ең қажетті тауарлар

сатып алу;

- шет елдердегі дипломатиялық және сауда өкілдіктерін ұстау;
- елшіліктер мен резиденцияларға үй-жайлар алу;
- шетелдік іссапарлар;
- кадрлар даярлау;
- республиканың басқа да кезек күттірмес қажеттері үшін шығыстарын қаржыландыруға арнап шет ел валютасын сатып алуға республикалық бюджетте 10 973 887 мың теңге қаржы көзделсін.

Бұдан басқа сыртқы қаржыландыру есебінен сыртқы заемды өтеуге 3 538 000 мың теңге шығыс көзделсін.

Республикалық бюджет арқылы жергілікті мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының кепілі міндеттемелерін ресімделген, сыртқы заемдарды өтеуге байланысты шығындар олар бойынша қызмет көрсету процентерін ескере отырып жергілікті бюджеттердің шығыс құрамына енгізілсін.

40-бап. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының орталықтандырылған қаражаты мен шетелдік кредиттер есебінен Денсаулық сақтау министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдары импорт бойынша сатып алатын дәрі-дәрмектерді сату еркін нарықтық бағамен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

41-бап. Республикалық бюджетте 528 200 мың теңге, оның ішінде төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 303 000 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қоры бекітілсін.

42-бап. 1994 жылы мына облыстар мен Ленинск қаласының бюджеттеріне 5 920 636 мың теңге мөлшерінде субвенция бөлінсін, оның ішінде:

| | /мың теңге/ |
|---|---|
| - Алматы | 471 823 |
| - Атырау | 75 078 |
| - Жамбыл | 491 841 |
| - Жезқазған | 246 219 |
| - Батыс Қазақстан | 163 676 |
| - Қызылорда | 1 151 485 |
| - Көкшетау | 236 339 |
| - Семей | 561 507 |
| - Талдықорған | 471 083 |
| - Торғай | 189 511 |
| - Оңтүстік Қазақстан | 1 539 777 |
| - Ленинск қаласы | 322 297 |

43-бап. 1994 жылдың аяғына республикалық бюджет бойынша нақты касса айналымы 16 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

44-бап. Республикалық бюджетте:

- "Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1991 жылғы 12 мамырдағы КСРО Заңына сәйкес 1993 жылдың IV тоқсанында және 1994 жылдың 1 тоқсанында жасалған нақты төлемдер бойынша берешектерді өтеуге 1 200 мың теңге және мемлекетаралық ұйымдарды ұстауға 84 322 мың теңге;

- "Арал өңіріндегі экологиялық апат салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес 1993 жылдың IV тоқсанында төленген нақты төлемдер бойынша берешекті өтеуге 1 217 мың теңге және "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес 7 000 мың теңге;

- үкіметаралық келісімдер бойынша Мемлекеттік кредитті өтеуге және кредитті пайдаланғаны үшін процент төлеуге 154 871 мың теңге мөлшерінде қаржы көзделсін.

Мына заң құжаттары баптарының күші қайта қалпына келтірілсін:

1991 жылғы 21 маусымдағы "Қазақ КСР-інде мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақ КСР Заңының /Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 345-құжат/ 35,36,39,40 және 41-баптарының автомобиль беруге, коммуналдық қызметке ақы төлеуге, телефон мен радионы жеңілдікпен орнатуға, радионы тегін пайдалануға, тегін жүріп-тұруға қатысты бөлігінің күші;

- "Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ КСР Заңының /Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 28, 377-құжат/ 6-бабы төртінші бөлігінің бірінші, екінші және үшінші абзацтарының, бесінші бөлігінің бірінші және екінші абзацтарының, 7-бабы тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктерінің бірінші, екінші және үшінші абзацтарының күші тұрғын үй салуға және беруге, қосалқы үй шаруашылығымен шұғылдануға, тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне үлестік жарналар төлеуге, сондай-ақ жас отбасыларына бала туғанда процентсіз банкілік қарыз алуға арналған жас отбасыларына ұзақ мерзімге жеңілдікпен кредиттер беруге қатысты бөлігінің күші;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 17 қаңтардағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін зейнетақылар туралы ереженің /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 109-құжат/ 18-бабы екінші бөлігінің екінші, төртінші, бесінші абзацтарының күші;

- 1992 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 5, 163-құжат/ 61-бабының, 2,4-тармақтарының демалыс орнына барып қайту құнын төлеуге, қызмет бабындағы куәлікті көрсетіп, қоғамдық көліктің таксиден басқа барлық қалалық, қала маңындағы және жергілікті бағыттағы түрлерін тегін пайдалануға қатысты бөлігінің күші;

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 6 шілдедегі

Қаулысымен бекітілген /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 17, 430-құжат/ "Қазақстан Республикасы прокуратура органдарында қызмет ету туралы, прокуратура қызметкерлерінің кластық шендері мен әскери атақтары туралы" Ереженің 47, 51-баптарының күші;

- "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы "Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 288-құжат, 1992 ж., N 24, 593-құжат/" тұрғын үй алаңына, коммуналдық қызметтерге, отынға және тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын пайдалану шығыстарына 50 процент төлеуге қатысты бөлігінің күші;

- "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат/ 11-бабының жетінші, сегізінші, тоғызыншы бөліктерінің; 12-бабының тұрғын үй жалдағаны үшін жәрдемақы төлеу жөніндегі үшінші бөлігінің, он екінші, он үшінші бөліктерінің; әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне жолдама құнының 50 проценті мөлшерінде ақшалай өтем төлеу жөніндегі 13-бабының алтыншы бөлігінің, 16 -бабының демалыста және әскери қызметтен босатылғанда көлікпен тегін жүру жөніндегі бірінші бөлігінің, әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне ТМД құрамына енетін мемлекеттер аумағында демалысқа, оның ішінде емделуге тегін барып-қайтуға жеңілдіктер беру жөніндегі екінші бөлігінің, төртінші бөлігінің /шақыру бойынша қызмет етіп жүрген әскери қызметшілерден, әскери-оқу орындарының тыңдаушыларынан, курсанттарынан басқасы/, жетінші бөлігінің; 17-бабының алтыншы бөлігінің күші;

- "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы " 1993 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 35-құжат/ 47-бабының азық-түлік үлестің бағасын зейнетақы есептеу үшін қосу бөлігінің күші;

- "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1993 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 157-құжат/ 30,32-баптарының пәтер ақы мен коммуналдық қызметтерге 50 процент төлеуге, санаторийлер мен демалыс үйлеріне тегін жолдама беруге, Қазақстан Республикасы аумағында теміржол көлігімен, су, әуе, кеме немесе қалааралық автомобиль көлігімен жылына бір рет тегін жүруге, қала іші және қала маңы көлігімен, ал селолық жерде ауданаралық желілердегі автобустармен тегін жүруге қатысты бөлігінің, сондай-ақ табыс салығының барлық түрлерінен босатуға қатысты бөлігінің күші;

- "Жоғары білім туралы" 1993 жылғы 10 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 206-

құжат/ 16-бабының үшінші бөлігінің және 21-бабының екінші бөлігінің мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттеріне стипендия мөлшерінде және жоғары оқу орындарының педагог қызметкерлеріне оқу, ғылым және әдістемелік әдебиет сатып алуға лауазымдық айлықақы мөлшерінде жәрдемақы бөлуге қатысты бөлігі.

45-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі тиісті бюджеттердің есепшоттарына:

- осы Заң және тиісті Мәслихаттар - депутаттар жиналыстары белгілеген нормативтер бойынша меншік нысанына қарамастан, шетелдік және бірлескен кәсіпорындарды қоса, кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық сомасын;

- Мәслихаттар - депутаттар жиналыстары белгілеген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарынан, шетелдік азаматтардан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығының сомасын қосуды қамтамасыз етсін.

46-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1993 жылы республикалық бюджет тапшылығын жабуға 859 225 мың теңге сомасында алып, алғашқы 5 жыл ішінде жылдық көлемнің 10 проценті мөлшерінде қызмет көрсететін несие жөніндегі берешегі және жекешелендірілген мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қайтарылмаған 28 128 мың теңге несие қарызы Мемлекеттік ішкі қарыз есебіне жатқызылсын.

47-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы сомасы 71 477 мың теңге Мемлекеттік ішкі қарызын өтеу жөніндегі шығыстарды бекітсін, оның ішінде:

/мың теңге/

- 1992 жылғы республикалық бюджет тапшылығын жабуға Ұлттық банк кредиті бойынша 31 200
- Ұжымшарлар мен кеңшарлардың несие беретін банктерге берешегін есептен шығару бойынша 5 415
- ауыл шаруашылық өнімдеріне және жеңіл өнеркәсіп үшін сатып алу бағасына саралап қосымша ақша төлеу жөніндегі шикізат бағасының айырмашылығын өтеуге байланысты берешекті шығынға жатқызу бойынша 1 812
- дәнді дақылдарға қойылған баға айырмашылығын өтеу үшін "Қазнанөнім" берешегін жұмсалған шығынға жатқызу 4 922
- қайтарымы қамтамасыз етілмеген

жекешелендірілген мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының несиелі берешегі 28 128

48-бап. Ішкі қарызға қызмет жасағаны үшін Ұлттық банкіге процентттер төлеуге 90 000 мың теңге көзделсін.

49-бап. 1994 жылға арналған республикалық бюджеттің жалпы сомасы 20 657 606 мың теңге көлеміндегі тапшылығы мынадай кіріс көздерінен қаржыландырылады деп белгіленсін:

/мың теңге/

1/Сыртқы заем бойынша түсімдер есебінен 16 600 800

2/Бағалы қағаздарды сату есебінен, соның ішінде барлығы 500 000

- 1992 жылғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемының нақты тұлғаларға берілген қазынашылық бондарын сатудан түскен қаражат 4 000

- қысқа мерзімді мемлекеттік қазынашылық вексельдерін аукционда сатудан түскен қаражат 50 000

- лотереяларды өткізуден түскен түсімдер 1 000

- бағалы қағаздардың басқа да түрлері 445 000

3/Ішкі көздер есебінен барлығы 3 556 806 мың теңге, соның ішінде:

- Ұлттық банктің кредит ресурстары 3 299 000

- шығындарды жабуға жұмсалған бюджет қаражатының жыл басындағы қалдығы 257 806

50-бап. Ұлттық банктің 6 233 000 мың теңге мөлшеріндегі кредиттерін, 1994 жылға арналған бюджет тапшылығын өтеуге, бұдан 2 934 000 мың теңге сомасындағы кредитті 1994 жылдың екінші жарты жылында өтей отырып пайдалану көзделсін.

51-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 1994 жылы Үкіметтің ішкі қарызын жылдық 10 процент түсіммен атқарады және республикалық бюджет тапшылығын өтеуге қайта қаржыландыру ставкасы бойынша кредит береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жасалатын шартқа сәйкес еркін айналымдағы бюджеттік қаражатты кредит ресурстары ретінде пайдаланады деп белгіленсін.

52-бап. Нан, нан-тоқаш өнімдері, тары, ұнтақ жарма, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрамажем бағаларын реттеудің жойылуына байланысты бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерде тамаққа жұмсалатын шығыстар, балалары бар

отбасыларына жәрдемақылар мен табысы аз зейнеткерлерге ақшалай өтемдер төлеу 1772805 мың теңгеге көбейтілсін.

Аталған шығыстар республикалық бюджет есебінен жүргізілсін.<*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 52-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201-XIII Заңымен.

Қазақстан Республикасының Президенті

"1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына

Қосымша

Қазақстан Республикасының 1994 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджеті

КІРІСТЕР

І бөлім: Республикалық бюджет

Қосылған құнға салынатын салық 6 296 008

Акциздер 725 193

Кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың пайдасына салынатын салық 4 331 094

Ұлттық банктің бюджет кірісіне түсетін пайдасы, барлығы: 7 318 000

оның ішінде:

- 1993 жылғы пайдадан аударылатын қаржы 270 000
- 1994 жылғы пайдадан аударылатын қаржы 5 048 000
- Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың депозиттері бойынша қаражат қалдықтарын пайдаланғаны үшін кірістерден 2 000 000

Қымбат металдармен операция жасаудан түсетін түсімдер 1 000 000

Бюджет шығыстарын өтеу 857 868

Алымдар және салық салынбайтын әртүрлі кірістер, барлығы: 10 245 800

оның ішінде:

- шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркегені үшін ақы алудан түсетін қаражат 12 760
- лицензия сатудан түсетін түсімдер 200 000

өзге де түсімдер 550 000

- "Байқоңырды" жалдау ақысы 4 600 000

- алынған импорттық тауарлар үшін түскен қаражат 4 883 040

соның ішінде:

- жергілікті әкімшіліктер көлік құралдары үшін 2 457 200
- "Құнарлылық" МАК 1 015 350
- "Зооветжабдықтау" РБ 663 760
- Көлікмин 331 880
- "Фармация" МХК 331 880
- "Медтехника" АҚ 82 970

Кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың кірістеріне салынатын салық 28 046

Ренталық /тіркелген/ төлемдер 1 600

Жер салығы 3 400

Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық 18 000

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер 8 167 151

1994 жылғы егіннің астығын сатудан түсетін қаражат 2 000 000

экономиканы қайта құру қорынан қайтарымды негізде бөлінетін қаражат түсімі 2 000

Үкіметаралық келісімдер бойынша берілген мемлекеттік кредит үшін шаруашылық жүргізуші субъектілерден түсетін қаражат 154 871

Бюджет тапшылығына 1994 жыл ішінде берілетін банк кредиті 2 934 000

I БӨЛІМ БОЙЫНША КІРІСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ 44 083 031

II бөлім: Нысаналы қаржыландыру қорлары

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры 868 124
- Экономиканы қайта құру қоры 5 290 000
- Жол қоры 3 273 965
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін мемлекеттік қоры 813 011
- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры 268 402
- Табиғат қорғау қоры 23 951

II БӨЛІМ БОЙЫНША КІРІСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ 10 537 453

III бөлім; Сыртқы экономикалық қызмет

- Экспорттық кеден бажы 10 393 310
- Импорттық кеден бажы 375 987
- Роялти мен бонустардан түсетін түсімдер 3 836 000
- Кеден рәсімдері 300 000
- Ішкі рынокта аса қажетті импорттық тауарларды сатудан түсетін түсім 1 535 750
- Телекоммуникация желілерін жаңғырту мен кеңейтудегі қарызды жабуға жергілікті әкімшіліктерден түсетін өзге де түсімдер 1 256 508

III БӨЛІМ БОЙЫНША КІРІСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ 17 697 555

БАРЛЫҚ КІРІСТЕР 72 318 039

ШЫҒЫСТАР

I-бөлім: Республикалық бюджет

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 8 899 551

соның ішінде:

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, барлығы: 73 301

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін қоса алғанда, жеңілдіктерге өтем төлеуге 33 301
- жаңартылатын энергия көздеріне 40 000

ҚҰРЫЛЫС КЕШЕНІ

Қазақстан Республикасының Құрылысмині - жобалауға 2 394

Құрылыс кешені бойынша ЖИЫНТЫҒЫ 2 394

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

Қазақстан Республикасының Су ресурстары мемкомитеті - операциялық шығыстарға 138 411

Қазақуылшаракадемиясы - операциялық шығыстарға 1 041

Қазақстан Республикасы Ауылшармині, барлығы 2 204 511

оның ішінде:

- операциялық шығыстар 667 960
- ұзақ мерзімді қарыздар бойынша проценттер төлеу 51
- шаруа қожалықтарын дамыту 2 300
- мал табынын сауықтыру 366 600
- таңдаулы тұқымдар алуға 284 400
- өсімдіктерді қорғауға жұмсалатын шығындар 300 000
- тыңайтқыштар алуға жұмсалатын шығындар 429 700

- негізгі табынды ұдайы толықтыруға жұмсалатын шығындар 153 500

"Құнарлылық" МАК - зәру импорт бойынша гербицидтерге 1 015 350

"Зооветжабдықтау" РБ зәру импорт бойынша дәрі-дәрмекке 663 760

Қазақстан Республикасы Мемжеркомы - операциялық шығыстарға 119 700

"Тоған" компаниясы - операциялық шығыстарға 14 409

Агроөнеркәсіптік кешен бойынша ЖИЫНТЫҒЫ 4 157 182

КӨЛІК КЕШЕНІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

"Қазақстан жолдары" компаниясы - операциялық шығыстарға /селден қорғану шаралары/ 17 192

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, барлығы 425 409

оның ішінде:

- операциялық шығыстар /жол шаруашылығын, кеме жүретін шлюздерді, кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекцияларын ұстау/ 18 424

- автобустар үшін /"РАМА" РБ/ қосалқы бөлшектерге зәру импорт бойынша 331 880

- фельдъегер қызметін ұстау 18 587

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін қоса алғанда, жеңілдіктерге өтем төлеуге 56 518

Көлік және байланыс бойынша ЖИЫНТЫҒЫ 442 601

ӘЛЕУМЕТТІК КЕШЕН

"Қазаққино" компаниясы, барлығы 68 388

оның ішінде:

- кинопрокат ұйымдарының зиянын өтеу 35 178

- ұлттық, көркем, дәйекті-деректі фильмдер, балалар фильмдерін, мультипликациялық фильмдер шығару 12 400

- "Абай жолы" фильмін шығаруға 20 810

ҚазТАГ - шығындарды өтеу 4 326

Авторлық және аралас құқықтар жөніндегі қазақ мемлекеттік агенттігі /шығындарын өтеуге/ 978

Қазақстан Республикасының Баспасөз және

бұқаралық ақпарат құралдары министрлігі - әлеуметтік маңызды әдебиеттер шығаруға байланысты шығындарды жабуға 111 339

Әлеуметтік кешен бойынша ЖИЫНТЫҒЫ 185 031

КЕШЕНДЕРГЕ КІРМЕГЕНДЕРІ

Экология және биоресурстар министрлігі /операциялық шығыстар/, барлығы 302 025

оның ішінде:

- Орман шаруашылығы комитеті 230 983

Қазгеодезия - мемлекеттік тапсырыс өнімдерін сатып алудағы шығындарды өтеуге 38 538

"Алаугаз" МХК, барлығы 335 731

оның ішінде:

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін қоса алғанда, жеңілдіктерге өтемтөлеуге 85 942

- табысы аз азаматтарға жеңілдікпен отын беруге байланысты шығыстарға өтем төлеу 249 789

Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет, барлығы 20 238

оның ішінде:

- операциялық шығыстар 17 526

- күрделі жөндеу 2 712

Әділет министрлігі /баспаны ұстау/ 11 104

Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы /шығындарды жабуға/ 164

Қазақстан Республикасы Суда құтқару қоғамы- операциялық шығыстарға /күнделікті ұстауға/ 680

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жатақхана ұстау 537

Қаржы министрлігі, кеден бақылауын, қазынашылықты және салық милициясын ұйымдастыруға жұмсалатын шығындарды қоса есептегенде 435 133

Жоғарғы Кеңеске сауықтыру мекемелері мен Инженерлік орталықты ұстауға 19 685

"Фармация" МХК зәру импорт бойынша дәрі-дәрмек алуға 331 880

"Медтехника" АҚ зәру импорт бойынша медициналық жабдық алуға 82 970
Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы, барлығы: 47 715
- операциялық шығыстар 5 400
- басқа шығыстар 42 315
Қазгидромет операциялық шығыстарға 112 452
Министрліктердің шығыстары /санаторийлерді және әлеуметтік саланың басқа да мекемелерін ұстауға/ 760
Жаңа тұрғын үй саясатын іске асыруға, барлығы: 2 084 430
оның ішінде:
а/ меммүлікті жекешелендіруден ұзақ мерзімді кредит ресурстарына 20 процент 1 633 430
б/ бюджеттік қаржы бөлу есебінен тұрғын үй шараларына кредит ресурстарын сатып алуға арналған шығыстар 28 500
в/ тұрғын үй алу кезегінде 10 және одан да көп жыл кезекте тұрғандарға дотацияға 68 400
г/ тұрғын үй құрылысы күрделі қаржысына 354 100
Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын іске асыруға - II кезеңі /1993-1995 жылдар/ 85 000
Абай кешенін аяқтауға 100 000
Конверсия жөніндегі шығыстар 30 000
Кешенге кірмегендері бойынша ЖИЫНТЫҒЫ 4 039 042

ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ШАРАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ 7 144 923

оның ішінде:
Білім беру және кадрларды кәсіптік даярлау 2 891 217
Мәдениет пен өнер 466 237
бұқаралық ақпарат құралдары 893 153
Денсаулық сақтау 2 401 456
Жастар саясаты, туризм, дене тәрбиесі мен спорт 237 025
Әлеуметтік қамсыздандыру, барлығы: 255 835
- еркін баға енгізілуіне байланысты табысы аз адамдарға, зейнеткерлерге және мүгедектерге өтем 30 278
- жеңілдіктердің орнына ақшалай балама 15 233
- әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерін және шараларын ұстау 41 581
- санаторий-курорттық емдеу және біржолғы материалдық көмек беру шығыстарының өтемі,

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін қоса алғанда 168 743

ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ, барлығы: 1 165 987

- Ұлттық Ғылым академиясы 221 300
- Қазауылшаракадемиясы 180 600

ҚОРҒАНЫСҚА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, барлығы: 7 214 214<*>

оның ішінде:

- жалпы мақсаттағы Қарулы Күштер 6 611 591<*>
- Азаматтық қорғаныс штабы 146 156
- республикалық ұлан 142 299
- Әскери-теңіз флоты 314 168

ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1994.10.13 . N 201-XIII Заңымен.

МЕМЛЕКЕТТІК ӨКІМЕТ ОРГАНДАРЫН, СОТ ОРГАНДАРЫН ЖӘНЕ ПРОКУРАТУРАНЫ ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, барлығы: 931 013

оның ішінде:

- Жоғарғы Кеңес 98 527
- Президент пен Министрлер Кабинетінің Аппараты 98 007
- Жоғарғы Сот 60 127
- Конституциялық сот 10 423
- Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық соттары 66 109
- Халық соттары 223 163
- Жоғары төрелік соты 56 685
- Прокуратуралар 317 972

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫН ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, барлығы: 4 879 593

оның ішінде:

- ІІМ 2 674 197
- ҰҚК 1 574 964
- Ішкі әскерлер 622 294
- Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпарат қорғау жөніндегі мемтехкомиссия 7 176
- Қарулы Күштерде қызметтен өтуге байланысты азаматтардың өтініштерін қарау жөніндегі комиссия 962

МЕМЛЕКЕТТІК ӨКІМЕТТІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ӨКІМШІ ОРГАНДАРЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫН ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР 2 913 778

РЕЗЕРВТІК ҚОРЛАР, барлығы: 528 200
оның ішінде төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 303 000
ӘРТҮРЛІ ТӨЛЕМДЕР, барлығы: 12 930 000
оның ішінде:
- 1994 жылдың астығын сатып алуға арналған қаражат 8 000 000
- нан мен құрама жем бағасындағы айырманың өтемі 4 930 000
соның ішінде: - 1994 жылғы астық пен құрама жемнің бағасын реттеуге 4 850 000
- 1993 жылғы астық бойынша берешек 80 000
БАСҚА ШЫҒЫСТАР 516 033
САЙЛАУ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР 71 597
Нан, нан-тоқаш өнімдері, ұнтақ жарма, тары, піскен нан орнына сатылатын ұн мен құрамажем бағалары реттеудің жойылуына байланысты бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерде тамаққа жұмсалатын шығыстар, сондай-ақ балалары бар отбасыларына жәрдемақылар мен табысы аз зейнеткерлерге ақшалай өтемдер төлеуге арналған шығыстар <*> 1 772 805
ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1994.10.13. N 201-XIII Заңымен.

МЕМЛЕКЕТТІК ІШКІ ҚАРЫЗҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР, барлығы: 11 839 835
оның ішінде:
- заңды тұлғалар арасында орналастырылған Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Мемлекеттік заемы бойынша проценттерді өтеу және төлеу 3 646
- 1990 жылғы Қазақ КСР 5 процент мемзаемының Мемлекеттік қазыналық міндеттемелерін ұстаушыларға проценттер төлеуге 9
- мемлекеттік қысқа мерзімді вексельдерді өтеу жөніндегі шығыстар 20 000
- 1992 жылғы Мемлекеттік ішкі ұтыс заемы бойынша ұтыстар төлеуге /халық арасында/ және тираждар өткізуге 40 000
- мемзаемдарды және бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі банктер шығындарын өтеу 1 271
- халықтың жинақбанк мекемеліріндегі салымдары бойынша олардың 1992 жылғы 1 тамыздағы жағдайдағы

қалдықтарының алғашқы 1000 сом салымын 50 есе мөлшерде көбейту жолымен халықтың құнсызданудан болған шығындарына біржолғы өтем 850 000

- халықтың Жинақбанк мекемелеріндегі салымдарының қалдықтары бойынша өтем /40 процент/ сомасын төлеу 15 080
- халықтың Жинақбанк мекемелеріндегі 1991 жылғы 1 қаңтарға салымдары қалдықтарын төлеу жөнінде халықпен есеп айырысу 27 456
- 1993 жылы тоқтатылып уақытша қарызға алынған қаражатты қайтару 216 500
- 1994 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша үкіметтің Ұлттық банкке ішкі мемлекеттік борышын өтеу жөніндегі шығыстары 71 477
- КСРО-ның 1990 жылғы нысаналы процентсіз заемының облигацияларын сатып алуға арналған Қазжинақбанктің 1993 жылғы берешегін өтеу 9 796
- республика ішіндегі есептесу бойынша нәтижеге 2 600 000
- ұлттық банктің 1994 жылдың бюджет тапшылығына берген кредитін өтеуге арналған шығыстар 2 934 000
- 1994 жылдың бюджет тапшылығына берілген кредит үшін процентттер төлеу 4 960 600
- ішкі борыш бойынша проценттер төлеу жөніндегі шығыстар 90 000

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР 84 322

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР БОЙЫНША МЕМКРЕДИТТІ ӨТЕУ ЖӘНЕ КРЕДИТТІ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ПРОЦЕНТТЕР ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫСТАР 154 871

1993 ЖЫЛДЫҢ БЕРЕШЕГІН ӨТЕУ БОЙЫНША: 9 417

- Чернобыль АЭС-індегі апатты жоюға қатысқандарға 1993 жыл үшін өтем төлеу жөніндегі шығыстар 1 200
- жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау жөніндегі шығыстар 7 000
-"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заң бойынша өтем төлеу 1 217

ЗАҢДАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА, барлығы: 8 128 180

- Қазақ КСР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы 186 214
- Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін зейнетақылар туралы ережені бекіту туралы 27 480
- Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы 43 048
- Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы 475 971
- Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы 147 694
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы 1 390
- Жоғарғы білім беру туралы 28 496
- Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы 2 369 091
- Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы 4 142 600
- Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы 706 196

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРГЕ СУБВЕНЦИЯЛАР 5 920 636

І БӨЛІМ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ 75 104 955

II бөлім: Нысаналы қаржыландыру қорлары

- Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы толықтыру қоры 694 499
- Экономиканы қайта құру қоры, барлығы: 3 438 500

соның ішінде:

- тұрғын үй саясатын іске асыруға /10 процент/ 343 850

Тұрғын үй құрылыс банкінің Жарғылық қорын қалыптастыруға арналған шығыстарды қоса есептегенде 2 000

- Жол қоры 1 960 814
- Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қоры, барлығы 569 108

соның ішінде:

- тұрғын үй саясатын кредит беру үшін 15 процент 85 366

- Кәсіпкерлікті қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры 214 721

- Табиғат қорғау қоры 19 161

II БӨЛІМ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ 6 896 803

III бөлім: Сыртқы экономикалық қызмет

ЕЛШІЛІКТЕР, ӨКІЛДІКТЕР ҰСТАУҒА ЖӘНЕ БАСҚА ДА МАҚСАТТАРҒА ВАЛЮТА САТЫП АЛУ, барлығы: 10 973 887

III БӨЛІМ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР ЖИЫНТЫҒЫ 10 973 887

БАРЛЫҚ ШЫҒЫС 92 975 645

ШЫҒЫСТЫҢ КІРІСТЕН АРТУЫ 20 657 606

АЙНАЛЫМДАҒЫ КАССАЛЫҚ НАҚТЫ АҚША 16 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК